



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Думан:Қазақстан халық-аралық аренада өзін бекітпекші жас мемлекет,Егер біз мораторийді алып тастайтын жағдайға жетсек,ең басты адами құндылықтарға қарсы келеміз.Тым эмоцияға ,моральдық стандартқа қатты сүйеніп кеттпей занын позитивті теориясын насихаттаған жөн деп санаймын

Шыныменде,ешбір өлім жазасын қолданатын ел өзін толықтай демократиялық етіп санай алмайды.Осы мораторий Қазақстандағы зайырлы мемлекет концепциясын жүзеге асыру үшін ,қылмыстық құқықтық одан әрі гуманизациялау мақсатымен қабылданды.Егер біз осы мораторийді алып тастасақ өзімізге қарсы келіп тұрғанымыз емес пе?

Қорытындылай келе ,ғалымдардын өзі бірнеше рет зерттеу жүргізіп ,өлім жазасы қылмыстың азаюына әсер етпейтінін дәлелдеді.Тарихта қателікпен өлім жазасына кесілген жандар туралы дерек өте көп. Мәселен, 1973 жылы АҚШ-та өлім жазасына кесілген 113 тұтқын қамаудан боса - тылды. Өйткені олардың кінәсіз екендері анықталған еді. Сол сияқты 1977 жылы АҚШ-та тағы бір өлімге кесілген қылмыскердің жазықсыз екені белгілі болып, ақталды. Осыдан кейін-ақ сол кездегі Иллинойс штатының губернаторы Джордж Райан өлім жазасына мораторий енгізді. Әлі күнге дейін АҚШ-тың кейбір штаттарында жазаның бұл түріне тыйым салынған.

Бәлкім, таяу болашақта өлім жазасын қолданатын елдердің саны тіптен азая түсер және осы елдер қатарында Қазақстан қалады деп үміттенемін

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

- 1) Али-заде А. А. Смертная казнь // Исламский энциклопедический словарь. — М.: Ансар, 2007. — 400 с.
- 2)Анашкин Г. З. Смертная казнь в капиталистических государствах. — М.: Юридическая литература, 1971. — 144 с.
- 3) Викторский С. К. История смертной казни в России и современное её состояние. — М.: тип. Императорского московского университета, 1912. — 388 с.
- 4)Гернет М. Н. Смертная казнь. — М.: Типография «Я. Данкин и Я. Хомутов», 1913. — 149 с.
- 5)"ҚазақЭнциклопедиясы"

### **АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЕГЕМЕНДІК ИДЕЯЛАРЫ МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КОНСТИТУЦИЯСЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

**Үсен Жанибек**

[Janibek\\_shugaev@mail.ru](mailto:Janibek_shugaev@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 4-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Заң ғылымдарының докторы, профессор Е.Б.Абдрасулов

Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына ширек ғасырға жуық уақыт болды. Осы уақытқа дейін осыған орай елімізде көптеген игі іс-шаралар өткен болатын. Бір сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ата Заңымыз жайлы: «Конституция – біздің барша табыстарымыздың бастауы. Елдігіміздің киелі кітабына айналған қастерлі құжат – тұрақтылық пен татулықтың тұғыры» - деген еді [1].Шындығында, Конституция – кез келген мемлекеттің ұстанымын, тәуелсіздігін, ұлтының құндылығын айқындайтын негізгі құжат. Осыған орай Конституциямыздың маңыздылығына, қалыптасу тарихына тоқталып өткен жөн. Себебі, бүгінгі таңда Конституциямыздың негізі, оның қалыптасуына арқау болған құжаттар жайлы көбі біле бермейді. Сондықтан еліміздің конституциялық дамуына байланысты тақырыптарды зерттеу, оларды қайта саралау өте қажетті деп ойлаймыз. Соның ішінде мемлекетіміздің конституциялық-құқықтық дамуына Алаш қайраткерлерінің өзіндік қосқан үлесі зор. Сол себепті де бұл мәселе әлі де өзекті және бұның өзектілігі осы жұмысқа

арқау болып отырған Алаш қайраткерлерінің негізгі саяси-құқықтық идеяларымен және ілімдерімен, сонымен қатар бұл ойлар көрініс тапқан еңбектерінің тәуелсіздікті қағаз жүзінде жариялаған болашақ егемен Қазақ елінің Негізгі Заңымен, Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясымен байланысуымен көрініс табады. Ал бұл байланыстар осы жұмыста толықтай өз дәлелін табады. Алашордашылардың саяси-құқықтық идеялары көрініс тапқан еңбектерінің мазмұнына мұқият талдау жасап қарасақ, әрбір баптары сол заманның талабымен ғана шектелетін емес, керісінше, оның мағынасы осы күнгі тәуелсіз, құқықтық мемлекет құруға бет бұрған Қазақстан Республикасының күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелерге өзінің жауабын беріп тұр. Осы жұмыс барысында бұл құқықтық мәселелер барынша қамтылып, кішігірім зерттеу жасалынады.

Алашорда қайраткерлері қазақтың мұңын мұндап, жоғын жоқтап жүрген ерекше тарихи тұлғалар. Еліне қиын-қыстау кезендерде, елде болып жатқан өршіп тұрған өзекті мәселелерді шешуге еңбек еткен, көпшіліктің құрметіне ие болған адамдар. Алашордашылардың саяси-құқықтық көзқарастарында ХХ ғасырдың басында Қазақстанның қоғамдық-саяси және құқықтық ой-пікірде мүлдем беймәлім болып келген мәселе - жергілікті елді-мекендерде, ауыл арасында басқару ісін дұрыс жолға қою болды. Қазақ қоғамына патша өкіметі енгізген болыстық жүйенің тиімсіздігі бәрімізге белгілі. Қазақ қоғамына дерт болып жабысқан осы мәселелер Алаш қайраткерлерін де қатты ойландырады, жікке, партияларға бөлініп алған халықты қайта ынтымақтастырып, басын біріктіру мәселесіне жар құлағы жастыққа тимей, ерекше көңіл бөледі, түн ұйқысын төрт бөледі. Соның жемісті нәтижесі ретінде, ой толғанысы мен білімділігінің айғағы болып дүниеге Алаш үкіметінің мемлекеттік жобасы, оның партиялық бағдарламасы, «Қазақ елінің уставы», «Ынтымақ ережесі» сынды құнды құжаттар дүниеге келеді.

Алашорда үкіметінің бағдарламасы, «Қазақ елінің уставы» - осы күнге дейін өз дәрежесінде зерттелмей келе жатқан, осы уақытқа дейін тарихшылардың қаламына ілікпей келе жатқан құнды құжаттар. Сонымен қатар бұл еңбектерде Алаш қайраткерлері қазақ еліне қатысты, Қазақстан Республикасына қатысты ең алғашқы конституциялық идеяларды, тұжырымдарды көтерген. Қазақ халқының қамын жеген мәрттігі бір басқа, алдағы жүз жылдықты нақ аңғарып, сол үшін айтулы еңбектер жазып қалдыруы – сөз жоқ Алаш қайраткерлерінің елден асқан данышпан хәм көреген болғандарын көрсетеді. Бұл тақырып қазақ заң ғылымында бұрыннан ең қажетті және ең өзекті тақырып болып келген және бүгінгі күннің өзінде бұл тақырып өз маңыздылығын және құндылығын жоймаған. Себебі, Алашорда үкіметінің бағдарламасы, «Қазақ елінің уставы» - осы күнге дейін өз дәрежесінде зерттелмей келе жатқан, осы уақытқа дейін тарихшылардың қаламына ілікпей келе жатқан құнды құжаттар болса, олардың авторлары болып табылатын Алаш қайраткерлері, оның ішінде «Қазақ елінің уставын» жазған Барлыбек Сыртанов сынды тұлғалар - үш жүзге жуық алашордашы зиялы қауымның ішінде әлі де өз дәрежесінде зерттелмей келе жатыр. Сонымен қатар бұл тақырыпқа қатысты қазіргі таңда көптеген мәселелер баршылық: Бүгінгі таңда көбі Алаш қайраткерлерін және осы еңбектердің Қазақстан Республикасы Конституциясымен тікелей байланысы барын бірі білсе, бірі біле бермейді. Сол себептен бұл жұмыста Алашордашылардың еңбектері, олардың тәуелсіз мемлекетке қатысты саяси-құқықтық идеялары мен оның қазіргі Қазақстан Республикасы конституционализмімен байланысын талдап қарастырдық.

Алаш тарихын зерттеушілер алғашқы саяси-құқықтық идеялар көрініс тапқан құжаттар туралы әңгіме болғанда екі мәселені алға тартады. Оның бірі Әлихан Бөкейханның тапсыруымен заңгер Барлыбек Сырттановтың жазып шыққан «Қазақ елінің уставы» деген құжат. Екіншісі – партияның бағдарламалық құжаты. Барлыбек Сырттановтың «Қазақ елінің уставы» жаңа заманға лайықтандырылып жазылған және мемлекет құрылымын, адам құқығын, қазақ жерін, сот тәртібін қамтыған төрт бөлімнен құралған еңбектен тұрады. Ал екінші «Алаш конституциясы» атанған құжатты қалың жұртшылық «Алаш» партиясының бағдарламасы ретінде таниды. Мұны кейбір сарапшылар «Конституция» дегеннен гөрі «конституциялық бағдарлама» дегенге келтіреді. Шындығында, алаш қайраткерлері

тәуелсіздіктің мүмкіндігі ұшқындаған тұстан-ақ ұлттық-демократиялық сипаттағы мемлекет құруды мақсат еткен. Міне, осы мақсат жолында Алаш партиясы алғаш рет заманның даму үдесінен шығатын, мемлекеттілік талаптарына сай келетін конституциялық сипаттағы бағдарламасын жасағаны белгілі. Алаш партиясының саяси бағдарламасының жобасын жасауға ұлт қайраткерлері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е.Ғұмар, Е.Тұрмұхамедов, Ғ.Жүндібаев, Ғ.Бірімжановтар бастаған қазақтың сол кездегі алдыңғы қатарлы, озық ойлы азаматтары атсалысты. Бұған дәлел ретінде Барлыбек Сыртановтың қазіргі Конституциямыздан сексен жылдан астам уақыт бұрын жазылған «Қазақ елінің уставы» мен Алашорданың бағдарламалық құжатын тәуелсіз Қазақстан Республикасының Конституциясымен әр мәселесіне жекелей тоқталып, салыстыра талдау жасай отырып баяндайық.

Теңдік мәселесі. Жалпы, қай мемлекет болмасын, қай кезеңде болмасын оның құқықтық дамуында, заңнамасында адам құқықтары мен еркіндіктері жоғарғы рөлде тұрды және мән-маңызы ерекше болды. Осы орайда да «Қазақ елінің уставында» бұл мәселе назардан тыс қалмаған. Уставтың екінші «Адам баласының хұқы турасында» деп аталатын бөлімі адам теңдігі мәселесін көтереді: «Қазақ елінде адам баласының бәрі тең хұқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап адамды қорлауға жол жоқ. Адам тек Құдай мен «законның» алдында ғана жауап береді» [2, 36]. Бұл сөздер Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституциясының 14-бабында көрініс тапқан. Б. Сыртановтың ұсынысы бойынша, қазақ елінде ер мен әйел тең, ал қазақи ерекшеліктер әйелдерді қорламайды, әйел келісімімен іске асады. Сондай-ақ, «...қазақ елінде адам баласының еркін сөйлеуге, ұйым құруына һәм партияларға кіруіне тыйым жоқ». Б. Сыртановтың уставында біз араға сексен жыл салып келді деп жүрген демократияның негіздері жатыр. Сонымен қатар Алашорда конституциялық бағдарламасының “Негізгі құқық” деп аталған үшінші бөлімі демократия мен адамгершілікке негізделді. Республикада дінге, қанға қарамай, бар адам тең құқылы болуы, жиылыс пен қауым жасауға, жариялыққа, газет пен кітап бастыруға еркіндік берілуін жақтады [3]. Азаматтардың табиғи және саяси құқықтарын қамтамасыз ететін мұндай тармақтар сол уақытта Ресейдің заңнамасында да болмаған екен. “Алаш” қайраткерлері тұжырымдаған либералды демократиялық ұстанымдар өз уақытынан озық болды. Тәуелсіздік жылдары ғана олардың асқақ армандары қолдау тауып, 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында өз орнын мықтап тұрып алды. Мұның өзі әу баста Алаш қайраткерлерінің бүгінгі тәуелсіз, демократиялық қоғамды аңсағанын айшықтай түспек.

Бұл «Қазақ елінің уставының» тағы бір ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. Қазақ елінің уставында қазіргі экстремистік, ұлтшылдық ұйымдарына қарсы заңнамалар да көрініс тапқан: «Нәсілдерді бір-біріне қарсы итеретін ұйымның, партияның, адам баласының істеріне тиым салынады. Кінәлілер законға жауапты». Ал Алашорда құжатында “Дін ісі” атты төртінші тармақта мемлекеттің зайырлық негізін бекітудің қажеттігі айтылған. Ар-ождан бостандығы мойындалып, әркім діни сенімі бойынша тең және еркін, сонымен қатар бұл бойынша астамшылық немесе дискриминацияға жол берілмейтіні айтылған. Бұл идеялар осы кезеңде біздің қоғамымызда өзінің көкейкестілігін жоймағанын аңғарамыз.

Мемлекеттік басқару. Қазіргі кезде біз Президенттік басқару туралы ой туғанда бірден батыс деректеріне, солардың құжаттарына жүгінуге дайынбыз. Біз өзіміздің Конституциямызға осы мемлекеттік басқаруға қатысты нормаларды Францияның Конституциясына негіздеп жасағанымыз белгілі. Ал Барлыбек Сыртановтың «Қазақ елінің уставы»-ның «Қазақ елі республикасының жеке болуы турасында» атты бірінші бөлімінде (4-8-баптар) Президенттік басқаруға қатысты нормалар әлде қашан жазылып қойылған: «4.Қазақ елінде ең басшы орыны – Ұлт мәжілісі. Оған дауыспен өткендер Қазақ елінің басшысы Президентті төрт жылға сайлайды. 5.Бір Президент екі реттен асып ел билеуге хұқы жоқ. 6.Президент Қазақ елін министрлер арқылы басқарады. Министрлерді Президент өзі таңдайды, бірақ Ұлт мәжілісі дауыспен шешеді. 7.Министрлер өздері басқарған жұмыстарымен Президенттің һәм Ұлт мәжілісінің алдында есеп беріп тұрады». Сонымен



қатар, «Уставта» Барлыбек Сыртанов тоталитарлық жүйенің қалыптасуына жол бермейтін Ш.Л. Монтескьенің өкіметті бөлу теориясын арнайы баппен енгізген. «Егер заң шығаратын және атқарушы билік бір адамның немесе мекеменің билігінде болса, онда бостандық болмайды, себебі, бұл монарх немесе сенат тирандық заң жасай бастайды... Егер сот билігі заң шығарушы және атқарушы биліктерден бөлінбеген жағдайда да бостандық болмайды [4, 290]» деген Ш.Л. Монтескьенің ойын «Уставтың» 9-бабында мынадай мағынада берген: «Қазақ жерінде билік жүргізу закон шығаратын, орындайтын һәм сот болып тұрады. Үш билік бір-біріне бағынбайды, бассыздыққа жол бермеудің белгісі болып тұрады».

Қазақ жері турасында. «Қазақ елінің уставы» қазақ халқының бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтап келе жатқан мәселелерін атап көрсеткен. Әсіресе, III бөлімнің баптары қазақ жерін сақтап қалуға негізделген болатын: «19.Қазақ елінің жері саудаға түспейді, Құдай оны адам баласына пайдалану үшін жаратты». Ал Алашорда заңнамалық бағдарламасының соңғы, оныншы бөлімде “Жер мәселесі” туралы Құрылтай негізгі заң қабылдағанда жерден тиесілі үлесін алдымен жергілікті жұртқа берілуін, өлшеу нормасы жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай жасалу мәселесі айтылады. Жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану керектігі де ескерілді. Ал бұрын қазақтардан алынып, бірақ мұжық қоныстанбаған жерді қазақтарға қайтару керектігі және орналасқан қазақ жеріне мұжық келмеуі қадап айтылды. Үлестіруден артылған жер земства қолында болып, артық жерден халық саны ұлғайған сайын тиісті сыбаға беру, өзара әділдік жолмен пайдалану қарастырылды. Жер байлығы, кен-қазынасы, астығы, өзен-көлдер мен өзге де табиғат байлығы тек мемлекет меншігінде, билігі земства қолында болуы керек екендігі айрықша атап көрсетілген. Өкініштісі де сол, бүгінгі таңда қазақ жері заңды түрде сауда айналымына түсіп кетті.: «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ Заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін» [5, 4].

Тіл мәселесі. Көптеген мемлекеттердің Конституцияларында тек мемлекеттік тілі ғана көрсетіледі, яғни ресми тіл, не болмаса тең қолданылатын тіл деген тармақтары көрсетілмейді. Бұрын Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары болған шағында Бауыржан Байбек өз сөзінде: Мемлекеттік қызметкерлердің әрқайсысы өзінің құзыретін дәлелдеуі қажет, сонымен қатар олар қазақ және орыс тілдерін жетік меңгерген болуы шарт. Соның ішінде қазақ тілін білу – «А корпусындағы» жоғары құзырлы мемлекеттік қызметкерлердің барлығына қойылатын міндетті талап болып табылады, – деді [6, 24]. Яғни, қазақ тіліне қатысты қойылатын талаптар бірте-бірте өз күшіне еніп келеді. Бүгінде Елбасының араласуымен енді-енді ғана қозғау алып жатқан, мемлекеттік қызметкерлердің қазақ тілін міндетті еркін білуі де Б.Сыртановтың уставында көрініс тапқан еді. «Судьялар қазақ тілін білуі шарт. Басқа нәсілдердің сотта өз тілдерінде сөйлеу хұқы бар» дейді Б. Сыртанов. Ал, біздің қазіргі Ата Заңымыздың I бөлім, 7-бап, 1-тармағында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп көрсетілгенмен, екінші тармақ қазақ тілін орыс тілі алдында жығып беріп отыр: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады».

Сот турасында. АҚШ-тың Конституциясы бойынша судьялар сенаттың «кеңесі және келісімімен» өмір бойы тағайындалады [7, 29]. Ал, «Қазақ елінің уставында» сот билігіндегі әділетсіздіктерді болдырмаудың да өзіндік жүйесі жасалған. Сыртанов заңды бұзған судьяларды қызметінен алу қажет деп санайды. Есесіне, «Қазақ еліндегі бар судьялар Ұлт Мәжілісіне өмір бойы сайланады» - делінген. Осы бапқа тереңірек үңілсек, Барлыбек Сыртанов судьяларды өмірлік етіп тағайындағаннан гөрі парламентте олардың жыл кесілмей сайлануын тәуелсіздікте болуларын қамтамасыз ететін тиімді тетік екенін атап көрсеткендей. Бұл пікірді қазір құқықтық мемлекетті қалыптастырып жатқан тәуелсіз Қазақстан Республикасында да пайдалану артық емес сияқты. Сонымен қатар қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі болып табылатын присяжный соты, судьялардың партияға қатысы да назардан тыс қалмаған: «27.Присяжный соты ауыр қылмысты істерді шешуге хұқылы.

Присяжный саны 7 адам. 28.Сот орнында партиялар болмауы шарт. Судьялар партияға кіру хұқынан айырылады. Жасырын мүше болса, орнынан алынады» [8, 39]. Оған қоса Алашорда конституциялық бағдарламасында “Билік һәм сот” деп аталатын бесінші бөлімде сот билігі туралы айтылады. Сонымен қатар, би мен судьяның жергілікті халық тілін білуі, аралас халық тұратын жерлерде соттың тергеу-тексеруі мен шешімі сол жердегі көпшілік болып табылатын халық тілінде орындалып жүргізілуі, билер мен судьяның тергеусіз орнынан түспеуі, заң мен сот алдында барлық адамдардың тең құқылы болуы, құдайдан кейінгі ең күшті судья болып танылып, барлық адам солардың үкіміне мойынсұнуы, сот шешімінің тез арада орындалуы, ауыр қылмыстардың присяжный сотта қаралуы, олардың қазақтан алынуы сынды адам құқықтарын құрметтеудің нағыз демократиялық идеялары көрініс табады.

Қорытындылай келе, осы ғылыми жұмысқа арқау болып отырған Алашорда мүшелерінің еңбектерітәуелсіздікті қағаз жүзінде жариялаған болашақ егемен Қазақ мемлекетінің Негізгі Заңының, Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясының негізгі жобасы деп қабылдауға тиіспіз. Ал бұл мәселе осы жұмыста толықтай дәлелденді. «Қазақ елінің уставының» болсын немесе Алашорда бағдарламасының болсын мазмұнына мұқият талдау жасап қарасақ, әрбір баптары сол заманның талабымен ғана шектелетін емес, керісінше, оның мағынасы осы күнгі егемен, құқықтық мемлекет құруға бет бұрған қазіргі Қазақстан Республикасының күн тәртібінде тұрған маңызды, өзекті мәселелерге өзінің жауабын беріп тұр. Осы жұмыста бұл нақты өз дәлелін тауып отыр. Өкініштісі, оның қаламынан шыққан бұл «Қазақ елінің уставы» ол кезеңде жүзеге асқан жоқ. Кеңестік тоталитарлық жүйеде бұл тіпті де мүмкін емес жағдай болатын. Қазақ халқының дарынды перзентінің арманы ХХ ғасырдың 90-шы жылдары ғана жүзеге асты. Дегенмен, өз заманының шеңберіне, талаптарына сыймай, асқан даналық танытқан қайраткерлерді тек тарих бағалайтыны, асқақтататыны, дәріптейтіні қоғамның заңдылығы.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Конституция: бірлік, тұрақтылық, өркендеу» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. 28 тамыз, 2015 жыл.
2. С. Өзбекұлы. Барлыбек Сыртанов.- Алматы: Жеті жарғы, 1996. –112 бет.
3. Алаш қозғалысы.Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж.Құрастырушылар:Қ.С.Алдажұманов, А.С.Зұлқашева, М.Қ.Қойгелдиев, К.Нұрпейіс, С.К.Рүстемов, Е.Сайлаубай, Ш.Б.Тілеубаев, Е.В.Чиликова. -Алматы: «Алаш», 2004. -Т. 1. -552 бет.
4. Ш.Л. Монтескье. Избранные произведения. М., 1955.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз, 1995жыл. - I бөлім, 6-бап, 3-тармақ.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын талқылау бойынша алғашқы онлайн-конференция. Құжаттың негізгі ережелерін түсіндіру бойынша баяндама.
7. Коституция буржуазных государств. М., 1982.